

## **"Шайсұлтан Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 наурыздағы № 151 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Шайсұлтан Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – КеАқ) құрылсын.

2. КеАҚ қызметінің негізгі нысанасы ғылыми зерттеулер, білім беру технологиялары мен қосымша білім беру әзірлемелері саласындағы қызметті жүзеге асыру болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің "Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – қоғам) болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

4. Қоғам қызметінің негізгі нысанасы ғылыми зерттеулер, білім беру технологиялары мен қосымша білім беру әзірлемелері саласындағы қызметті жүзеге асыру болып айқындалсын.

5. Қоғамның жарғылық капиталы осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының балансындағы республикалық мүлік және "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті" мемлекеттік мекемесінің балансындағы республикалық мүлік есебінен қалыптастырылсын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қоғамның жарғысын бекітуді;

2) құжаттарды мемлекеттік тіркеу үшін қоғамның атынан қол қоюға, қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруға және басқару органдары құрылғанға дейін үшінші тараптардың алдында олардың мүдделерін білдіруге уәкілетті тұлғаны сайлауды;

3) қоғамды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

4) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетіне қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын беруді;

5) осы тармақтан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті КеАҚ жарғылық капиталын қалыптастыру үшін осы қаулының 1, 3, 5 және 6-тармақтарында көрсетілген іс-шаралар орындалғаннан кейін заңнамада белгіленген тәртіппен қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін берсін.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) КеАҚ жарғысын бекітуді;

2) құжаттарды мемлекеттік тіркеу үшін қоғамның атынан қол қоюға, қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруға және басқару органдары құрылғанға дейін үшінші тараптардың алдында олардың мүдделерін білдіруге уәкілетті тұлғаны сайлауды;

3) КеАҚ әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

4) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетіне КеАҚ акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын беруді;

5) осы тармақтан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

9. Осы қаулының 8-тармағында көрсетілген іс-шаралар орындалғаннан кейін КеАҚ оған қоғамды қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

10. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

11. Осы қаулы оның 9-тармағында көзделген іс-шара орындалғаннан кейін қолданысқа енгізілетін 10-тармағын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 31 наурыздағы  
№ 151 қаулысына  
қосымша

**"Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын төлеуге берілетін республикалық меншіктің тізбесі**

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Қалдық құны бойынша бірлік бағасы (теңге)	Барлық қалдық құны (теңге)
1	2	3	4	5	6
"Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы" республикалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны балансындағы мүлік					
1	ХА-30+BP-820 цифрлық бейнекамерасы	дана	1	622 066,65	622 066,65
2	Ноутбук	дана	1	327 249,98	327 249,98
3	Фотокамера жиынтығы, қабымен	дана	1	341 250,00	341 250,00
4	Sony DCR-SX44E бейнекамерасы	дана	1	6 015,17	6 015,17
5	Сауран көшесі, 7а, жалпы ауданы 515,6 ш-м. жапсарлас ғимарат	дана	1	48 677 328,96	48 677 328,96
6	Басшыға арналған кресло	дана	1	41 250,00	41 250,00
7	Былғары кресло (Elf steel chrome)	дана	1	2 267,38	2 267,38
8	Мини АТС КХ-ТЕМ 824 СА	дана	1	38 014,41	38 014,41
9	Canon i-Sensys MF 4410 КФҚ	дана	3	7 181,76	21 545,28
10	Samsung VCD-9420 шаңсорғышы	дана	1	14 143,74	14 143,74
11	Panasonic КХ-Т 7735 RU жүйелік т/а	дана	1	8 321,47	8 321,47
12	"Орех" 10 үстелі	дана	1	1 095,64	1 095,64
13	"Орех" 11 үстелі	дана	1	2 411,42	2 411,42
14	ЖК Panasonic TX-PR2C2 теледидары	дана	1	24 375,66	24 375,66
15	Кітапханаға арналған сауда жабдығы	дана	1	1 078,82	1 078,82
16	Демалыс жиһазы (Илья 3+1+1)	дана	1	38 632,74	38 632,74
17	Сауран көшесі, 7а бойынша күзет -өртке қарсы дабылдарын орнату және жаңғырту	дана	1	274 241,73	274 241,73
18	Sony DSC фотоаппараты	дана	1	7 365,00	7 365,00
19	141 тоңазытқышы	дана	1	1 182,60	1 182,60
20	24 ШБК жәшіктік картотека шкафы	дана	1	29 873,33	29 873,33
21	Дербес әмбебап компьютер	дана	3	289 100,02	867 300,06
22	AST-H61-MV DELL E2417H компьютері	дана	1	239 750,02	239 750,02
1	2	3	4	5	6
23	AST-H61-MV HP Pro Display P232 компьютері	дана	2	239 750,02	479 500,04
24	Көп функционалды құрылғы	дана	1	113 750,02	113 750,02
25	Көп функционалды құрылғы	дана	1	88 200,00	88 200,00
26	Компьютер жиынтығы	дана	5	148 698,72	743 493,60
27	Монитор 21.5 /пернетақта және тінтуір/	дана	2	10 833,60	21 667,20
28	Монитор 23.8 /пернетақта және тінтуір/	дана	1	16 083,80	16 083,80
29	ASYS X554LA ноутбүгі	дана	1	29 962,60	29 962,60
30	Canon LBP7018C лазерлі принтері	дана	1	12 201,21	12 201,21
31	Процессор /жүйелік плата	дана	3	29 392,40	88 177,20
32	Ноутбук	дана	1	249 900,00	249 900,00

	Барлығы				53 429 695,73
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті" мемлекеттік мекемесінің балансындағы мүлік					
1	IBM WebSphere Portal Express	дана	1	5 531 753,54	5 531 753,54
2	IBM Workplace Collaboration	дана	1	7 428 338,40	7 428 338,40
3	Монитор Apple Cinema Display 23	дана	1	57 628,02	57 628,02
4	Телекоммуникациялық есептеу жабдығы/серверлік жабдық	дана	1	26 079 699,93	26 079 699,93
5	IBM 9910-P333kVA.1Yr үздіксіз қоректендіру көзі	дана	2	592 081,47	1 184 163
6	IBM Ultrium4 800G/1600GB Cartridge картриджі	дана	40	18 627,21	745 088,40
7	IBM Cleaning тазалауға арналған картриджі	дана	2	18 627,41	37 254,82
8	HMC: 7042-CR4 Rack-mounted. Hardw.Mgmt.Cons басқару консолі	дана	1	1 397 046,00	1 397 046,00
9	IBM TS3200 Ultrium 4 Fiber Channel Tape ленталық кітапханасы	дана	1	4 669 626,33	4 669 626,33
10	IBM T42 Rack Cabinet, 1 Yr монтаждау шкафы	дана	1	338 365,00	338 365,00
11	IBM TotalStorage деректерді сақтау желісінің оптикалық коммутаторы	дана	2	851 532,87	1 703 065,74
12	PowerEdge R710 сервері	дана	1	647 367,00	647 367,00
13	Серверлік жабдық	дана	1	21 784 220,07	21 784 220,07
14	ATIZ Book Drive сканері	дана	1	2 794 092,00	2 794 092,00
	Жиынтығы				74 397 708,19
	БАРЛЫҒЫ				127 827 404,0

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 31 наурыздағы  
№ 151 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-185-жолмен толықтырылсын:

"21-185. "Шайсұлтан Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 224-38-2-жолмен толықтырылсын:

"224-38-2. "Шайсұлтан Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" КеАҚ."

3. "2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 823 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қаулысында:

2018 жылға арналған мемлекеттік тапсырмалардың тізбесінде:

реттік нөмірі 36-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

36	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту саласында қызмет көрсету	Қазақстан Республикасын дағы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар өткізу	Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі	"Шайсұлтан Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" КеАҚ	0 2 1 " Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту"	403 905
----	---	--	---	---	---	---------

".